

18-23-сәуір аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

23-сәуір

Апталық жоспарға сәйкес 18-23-сәуір аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру кезінде сынып деңгейіне орай сабақ мақсаттарын дифференциациялау ұсынылды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Әкімшілік тарапынан мұғалімдердің сабақтары бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді. Сабақ мақсатын дифференциациялау мен формативті бағалау бойынша ұсынымдар айтылды.
5. 9,11-сыныптарды қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындық жұмыстары жүргізіліп, қосымша сабақтар әкімшілік тарапынан бақыланды.
6. 18-19-сәуір күндері өткен республикалық олимпиадаға 9-сынып оқушылары Ким К. биологиядан және Тлеулин Н. химиядан қатысты.
7. 20-21 -сәуір күндері өткен республикалық олимпиадаға Сулейменова Г. 11-сын. қазақ тілі мен әдебиеті, Әділбай Ақбаян 10-сын. өзін-өзі тану, нурмагамбетова Қымбат 10-сын. құқық негіздері пәндерінен қатысты. Республикалық олимпиада қорытындысы бойынша Әділбай Ақбаян 10-сын.оқушысы, өзін-өзі тану пәнінен 1-орынға ие болды. Пән мұғалімі Кайржанова М.Н.
8. Апта бойы Облыстық Абай, Махамбет оқуларына, республикалық жасөспірімдер олимпиадасына, республикалық «Абайтану» олимпиадасына дайындық жұмыстары жүргізілді.
9. «Абай мектептері» желісі бойынша өтетін «Бейіндік пәндер: жетістіктер, кедергілер, ұсыныстар» дөңгелек үстелге Кусаинова С.З., Кайржанова М.Н., Ахат А.Д. және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері өз салалары бойынша мағлұматтар дайындап тапсырды.
- 10 Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың өтуі қадағаланды.
11. «Қеменгер» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде математика пәнінің мұғалімі Курманалина А.С., 7 «А»- сыныбында

математика пәнінен «Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану» тақырыбында шебер-сынып өткізді. Сабақ мақсатына сай өткізілді. Оқушылар сабақта топтық, жеке жұмыс арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындады: алгебралық бөлшектерді сәйкестендірді, алгебралық өрнектердің мәнін тапты, бөлшектерді қысқартты, сөзжұмбақ жешеті, тақтада есептер шығарды, кері байланыс жасады, рефлексия өткізді.

12. 22-23-сәуір күндері Ақмола облысы Зеренді ауданы «Сұңқар» сауықтыру кешенінде өткен «BILIMDI JASTAR» I облыстық жас педагогтер слетіне физика пәнінің мұғалімі, жас маман Аманболдин Б.Ж. қатысты.